«№4 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі қамқоршылық кеңесі отырысының

ХАТТАМАСЫ

18.02.2023ж. №4 Жаңа Дәулет ауылы

Қатысқандар:

1. Салманов Оразхан	Қамқоршылық кеңес төрағасы, ата-ана
2. Тастайбекова Айнұр	қамқоршылық кеңес мүшесі, жеке кәсіпкер
3. Ягнисов Сатжан	қамқоршылық кеңес мүшесі, жеке кәсіпкер
4. Дәуэн Ләззат	қамқоршылық кеңес мүшесі, аудандық мәслихат статисі, қоғамдық кеңес хатшысы
5. Фазылбек Абылай	қамқоршылық кеңес мүшесі, облыстық жастар ресурстық орталығының басшысы
6. Жексенбаев Қадырбек	қамқоршылық кеңес мүшесі, Дәулет селолық округінің бас маманы
7. Буркиталиев Бахтияр	қамқоршылық кеңес мүшесі, жеке кәсіпкер
8. Тасболатова Гулнара Беккалиевна	«AMANAT» партиясы Маңғыстау облыстық филиалының баспасөз хатшысы
9. Қалабай Қуаныш Азанбайұлы	қамқоршылық кеңес мүшесі, зейнеткер-ұстаз.

Күн тәртібінде

1. №4 жалпы білім беретін мектеп» КММ-сі бойынша 2022/2023 оқу жылының I жартыжылдығында атқарылған жұмыстар бойынша әлеуметтік педагогтің есебі;
2. Мектеп бітіруші түлектердің жай-күйі (ҰБТ қорытындысы);
3. «Дарынды балаға –талантты ұстаз» дарынды баламен жұмыс есебі;
4. Ағымдағы мәселелер

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі алғашқы мәселе бойынша 2022/2023 оқу жылының I жартыжылдығында атқарылған жұмыстар бойынша мектебіміздің әлеуметтік педагогі Ш.Абыханова айтып өтті. Ол өз сөзінде: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы «24» сәуіріндегі №158 бұйрығына 10–қосымша «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты басшылыққа ала отырып, 2022-2023 оқу жылына арналған әлеуметтік педагогтың жылдық жоспары жасақталғандығын және оқу

жылының басынан бері аз қамтылған отбасы балаларынан стандартқа сай құжаттары қабылданғандығын атап өтті.

2022-2023 оқу жылында 1694 білім алушының қазіргі таңда 232 оқушысы ыстық тамақпен қамтылды, оның ішінде ата-анасының қамқорлығынсыз қалған -5 оқушы, атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасынын шыққан –10 оқушы, жан басына шаққанда күн көрісі отбасынан шыққан - 205 оқушы, (56.977 тг әр квартал сайын өзгеріп тұрады), өзге де санатқа жататын отбасынан шыққан- 12 оқушы және 1 -сыныптың 170 оқушысы ыстық тамақпен қамтылып отырғандығын айтты. Өткен жылмен салыстырғанда тегін ыстық тамақпен қамтылып отырған балалардың саны 105 оқушыға артып отыр.

Балаларды тамақтандыру сапасына айына 2 рет бракераж комиссияның мүшелері асханаға мониторинг жүргізетіндігін тілге тиек етті.

Жалпы мектептің ата –аналар саны 684. Толық отбасылар саны 578, толық емес отбасылар саны142, көпбалалы отбасылар саны 576, ата-ана қамқорлығынсыз қалған 3 отбасы, 6 оқушы, жартылай жетім 48 оқушы ,аз қамтылған отбасылар саны 357, өгей әке-шешемен тұратын 31 оқушы, инклюзив оқушы 8 оқушы, олар: (Уристен Ерасыл 3всынып, Төлеген Жұбаныш 3ғсынып, Нұрберген Азамат 3д сынып, Бабекбаев Алибек 4 д сынып, Ғайни Мирас 5 д сынып, Аккулов Темірлан 5дсынып, Новрузбай Али 7 в сынып, Дуйсенбай Жәнібек 9 сынып), Үйден оқитын оқушы 3оқушы(Сағымбаева Әсем 11всынып,Сапарбаева Ақмарал11а сынып).

Денсаулығында ахауы бар балаларды мектеп медбикесінен біріге анықтап, сынып жетекшілерімен ары қарай жұмыс барысы жүргізіліп отырғандығын айтты.

Мектеп психологы А.Изимовамен жоспарға сай бірлескен жиналыс өткізіліп, ата-аналарға пайдалы ұсыныстар берілді-деді.

Ерекше білімді қажет ететін оқушылардың үй-тұрмыс жағдайы анықталып, логопед Г.Куанмен жасалатын жұмыстар туралы ақпарат берілгендігін атап өтті.

Жылдың басында аз қамтылған оқушыларды үйірмеге тарту мақсатында бас нұсқаушы Кенжебекова Хадишамен жоспарлы түрде жұмыстар жүргізіліп жатқандығын айтты.

Облыстық жаңа жылдық шыршаға қамқоршылық кеңесінің шешемімен 3 оқушы, аудандық шыршаға 14 оқушы қатысып, 100 мың теңге көлемінде қаржылай (жеке счеттарына салынды), тәтті сыйлықтар, ертегі кітап және ойыншықпен қамтылды-деді.

Жыл бойы өтетін «Мектепке жол» қайырымдылық акция барысында облыстық мәслихат депутаты Салманов Ахмет Өтегенұлы 30 оқушыға сөмке оқу құралдарымен (шамамен 300 мың теңге көлемінде) табыс еткендігін айтып өтті. Дәулет БМСКО меңгерушісі Роза Қайркуловна аз қамтылған балаларға 30 мың теңге ақшалай, жеке кәсіпкер Саидов Тимур 3 оқушыға 30 мың теңге көлемінде ер баланың көйлегін берді.

Мектебіміздің аз қамтылған 100 1-сынып оқушыларына «Самұрық Қазына» фирмасы оқу құралдары салынған сөмке табыс еткендігін айтып өтті.

Мектеп директоры Д.Кулмеханова 7 отбасына, О.Бекенов 7 отбасына азық-түлік, көркем еңбек пәні мұғалімі Абдырахманов Өмірбек бір оқушыға

25мың теңге қаржылай, бастауыш сынып мұғалімі М.Бұйраева мектебіміздің ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 4 оқушыға 100 мың және әкесі қайтыс болған 3 оқушыға 100 мың теңге ақшалай бергендігін айтты. Орыс тілі және әдебиет пәні мұғалімі М.Серікбаева (жартылай жетім) бір оқушыға крассовка, Ш.Абыханова екі оқушыны мектеп формасымен қамтығандығын айта келіп, сөзін аяқтады.

Екінші мәселеде мектеп бітіруші түлектердің жай-күйі (ҰБТ қорытындысы) бойынша мектебіміздің оқу ісі жөніндегі орынбасары М.Құлбарақ айтып өтті. Ол өз сөзінде: 2022-2023 оқу жылындағы мектеп бітіруші түлектер саны-87, ҰБТ-ға қатысатыны – 82, қатыспайтыны – 5, олар: (Сапарбаева Ақмарал, Қаржаубай Асылбек, Рахат Нұршат, Дидаров Жалғас, Сагымбаева Асем) екендігін айтты. Ал қазіргі қаңтар айындағы ҰБТ-ға қатысқаны – 66. Олар төмендегідей:

11 а – 25 оқушы – қатысқаны -18 оқушы (72%)
11 ә – 26 оқушы – қатысқаны -23 оқушы (92 %)
11 б – 19 оқушы – қатысқаны – 15 оқушы (78,9 %)
11 в – 17 оқушы –қатысқаны -10 оқушы (76,9 %)
Мектеп бойынша жалпы ұпай- 4006, орта ұпай – 60,6
11 а сыныбы бойынша: жалпы ұпай - 1099 Орта ұпай – 61,1;
11ә сыныбы бойынша, жалпы ұпай – 1365,орта ұпай – 59,35;
11 б сыныбы бойынша, жалпы ұпай – 876, орта ұпай – 58,4;
11 в сыныбы бойынша: жалпы ұпай – 666, орта ұпай – 66,6.

Пәндер бойынша орта ұпай көрсеткіштері: Математикалық сауаттылық-6,1% Оқу сауаттылығы – 10,9%, Қазақстан тарихы – 12,7%, Таңдау пәні – 18,7% Бейіндік пәні – 17,2%.

100 ұпайдан жоғары жинаған оқушылар: Адилбай Нұралы – 107 ұпай (биология-химия), Утегулова Гулзира - 103 ұпай (қазақ тілі мен әдебиеті) Кадырманова Гүлнұр – 102 ұпай (математика-информатика), Парахат Ақмарал – 101 (д.тарих-ағылшын тілі)-деп атап өтті.

80-90 ұпайдың аралығында жинаған оқушылар төмендегі кестедекөрсетіліп тұр. Базарбай Нағима – 87 (д.тарих-география), Махмуд Ақмарал – 86 (биология, география), Абдырова Айгерім – 83 (биология, химия), Бакытова Алина – 80 ұпай (қазақ тілі мен әдебиеті), Ислам Эльмира - 80 ұпай (д.тарих-география), Шаназар Бекслан – 80 ұпай (д.тарих-құқық).

70-80 ұпай аралығында оқушылар: Джувбаева Камила - 79 (д.тарих-ағылшын тілі), Бисенбаева Жандос – 77 (д.тарих-география), Хайрулла Әдемі – 76 (биология-химия), Тұрсынбаева Шолпан – 75 (қазақ тілі-қазақ әдебиеті), Сапарбай Гүлсім – 72 (д.тарих – ағылшын тілі), Рейпназарова Тумарис – 72 (физика-математика) және Нысанбай Эльвира – 70 (биология-химия).

60-70 ұпай аралығында жинаған оқушылар, олар: Амантұрлы Данияр – 67 (физика-математика), Нұржан Жанерке – 66 (физика-математика), Сатыбалды Нұрайна – 65 (биология-химия), Мыңбай Диана - 64 (қазақ тілі-қазақ әдебиеті), Сарсен Нұрғиса – 64 (д.тарих-құқық), Утенов Жанболат – 63 (қазақ тілі-қазақ әдебиеті) және Тұрдыаман Маржанай – 63 (физика-

математика), Доралиева Нағима – 63 (математика-информатика) және Балтабай Камила – 60 (биология-география).

Осылай мектеп оқушыларының ҰБТ бойынша жинаған ұпайларын айта отырып, мектеп бітіруші түлектердің ішінде 1 пәннен өте алмай қалған оқушылардың да бар екендігін тілге тиек етті. ҰБТ-ға дейін әлі де 4 ай бар екендігін айта отырып, оқушылардың сапасы жөнінде әлі ізденуі керектігін және сапаға еңбек ету үшін мұғалімдердің тынбай жұмыс жасауын айтып өтті.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша «Дарынды бала» ерекшелігі өзгеше ойлайды, көп көлемде білім меңгереді әрі оны ұмытпайды. Ішкі сезімі ерекше өте сезімтал, дарынды балада шапшаңдық басымырақ және ол жиі–жиі ойға беріледі. Иә, бұл менің зерттеуім. Осылайша дарынды оқушыларды бақылап, зерттей білдім және өзім де дарынды болғандықтан, лидер болуға ұмтыламын, соның арқасында көптеген жетістіктерге де жетіп жатырмын – деді.

Дарындылықтың қайнар көзі – мектеп. Мектептен білім алған, оқыған бала дамиды. Дарын – адам бойындағы асқан талант, ерекше қабілет, яғни дарынды бала – асқан таланттың иесі екендігін ескеріп, баланы заманына қарай икемдеп, өз заманының озық өнегесін оның санасына сіңіре білу, оларды шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту – бүгінгі күннің басты талабы екендігін баса айтты.

Әр мұғалімнің басты міндеті – рухани бай, жан-жақты дамыған, дарынды, бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңына мемлекеттік саясат негізінде ең алғаш рет «Әр баланың қабілетіне қарай, интеллектуалдық дамуы, жеке адамның дарындылығын дамыту» сияқты өзекті мәселелер енгізіп отырғаны қараптан қарап емес дей келе, дарынды балаларға білім беруді әр ғылымның бүгінгі дәрежесіне сәйкес жүргізу бір жағынан қоғамға талантты мамандар даярлауда тиімді болса, екінші жағынан қоғамға ерекше дарынды балалардың тек өзінің интеллектуалдық дамуын қамтамасыз ететіндігін айтып өтті. Бұл салада атқарылатын жұмыстар жетерлік. Дарынды оқушымен жұмыстың негізгі мақсаты – олардың шығармашылық жұмыста өзінің қабілетін іске асыруға дайындығын қалыптастыру. Ал мақсатқа жету оқу бағдарламасын тереңдетіп оқыту және оқушының танымдық белсенділігін дамыту арқылы жүзеге асады дей келе, мектебімізде біршама жасалған жұмыстарды айтып өтті.

Дарынды оқушылардың жалпы білім беретін пәндер бойынша олимпиадаға қатысуы: 9-11 сынып оқушылары пәндік олимпиадаға- 25%, 7-8 сынып оқушылары пәндік олимпиадада -34%, 5-6 сынып оқушылары пәндік олимпиадада -25%, Президенттік олимпиадада- 8% және «Алтын сақа» олимпиадасында - 8%-ды құрайтындығын айтып өтті.

№	Байқау атауы	Аты-жөні	сыныбы	аудандық	облыстық	Респ/лық	Хал/қ
1	Дарын ғылыми жоба (биология секциясы)	Карленова Ақбибі	10-сынып	I орын	III орын		
2	«Зерде» ғылыми жобалар байқауы (этномәдениеттану)	Дүйсен Дарын	5-сынып	I орын	III орын		
3	«Зерде» ғылыми жобалар байқауы (этномәдениеттану)	Сарсенбай Ануар	4-сынып	I орын	III орын		

4	«Зерде» ғылыми жобалар байқауы (информатика)	Әбілханов Жомарт	7-сынып	I орын	III орын		
5	«Зерде» ғылыми жобалар байқауы (қазақ тілі мен әдебиеті)	Сопы Толғанай	6-сынып	III орын			
6	«Мамандықтар әлемін ашамыз» республикалық форум	Карленова Акбибі	10-сынып	I орын	I орын		

2021-2023 оқу жылдары аралығында білім алушылардың жалпы білім беретін пәндер бойынша олимпиадаға қатысы менжетістіктеріне талдау жасау барысында олимпиада жеңімпаздары санының төмен болуы, соның ішінде облыстық кезеңге қатысқан оқушылардың санының аз болуы көңілге кірбің ұялатады. Сондықтан мектеп әкімшілігімен ақылдаса келе, осы негізгі кемшіліктердің алдын алу үшін білім алушылардың кез келген олимпиадаға жоғары дайындықпен қатысып, жақсы нәтижеге жету үшін әр пәннің үздігін анықтайтын «Үздік математик», «Үздік биолог», «Үздік физик» жобаларын жүзеге асыру ұсынылды. Осы ұсыныстың арқасында шамалы болса да алға іргерілеушілік бар,-деп өз сөзін аяқтады.

Күн тәртібіндегі мәселелерді қарай және талқылай келе комиссия шешім шығарды

ШЕШІМ

№4 жалпы білім беретін мектеп» КММ-сі бойынша 2022/2023 оқу жылының I жартыжылдығында атқарылған жұмыстар бойынша әлеуметтік педагогтің есебі «қанағаттанарлық» деп танылсын;

Мектеп бітіруші түлектердің жай-күйі (ҰБТ қорытындысы) бойынша оқу ісі жөніндегі орынбасар М.Құлбарақтың жасаған жұмыстары «қанағаттанарлық» деп танылып, одан әрі ҰБТ бойынша жүргізілетін жұмыстар жандандырылып, оқушылардың тыңғылықты дайындықпен қатысуы жолға қойылсын;

«Дарынды балаға –талантты ұстаз» дарынды баламен жұмыс есебі «қанағаттанарлық» деп танылып, шығармашылықпен айналысатын білім алушылардың саны көбейтілсін, шаралардың көптеп өтуі жолға қойылсын.

Кеңес төрағасы **О.О.Салманов**

Кеңес хатшысы **А.Тастайбекова**